

**"Сотталғандарды қоғамдық жұмыс түріндегі жазаға тартып жұмысқа орналастыру үшін қоғамдық жұмыс түрлерін белгілеу туралы" әкімдіктің 2009 жылғы 27 ақпандағы № 39 қаулысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 29 қыркүйектегі № 218 қаулысы. Қостанай облысы Ұзынкөл ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 23 қазанда № 9-19-114 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 29 қаңтардағы № 20 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы әкімдігінің 29.01.2015 № 20 қаулысымен.**

"Нормативтік құқықтық актілері туралы" Қазақстан Республикасының 24 наурыздағы 1998 жылғы Заңының 28 бабына, Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің 42 бабына сәйкес, Ұзынкөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. "Сотталғандарды қоғамдық жұмыс түріндегі жазаға тартып жұмысқа орналастыру үшін қоғамдық жұмыс түрлерін белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілер Тізілімінде 9-19-91 тіркелген, "Нұрлы жол" газетінде 2006 жылғы 16 сәуірде жарияланған) әкімдіктің 2009 жылғы 27 ақпандағы № 39 қаулысына келесі өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасының 1 тармағында № 1 реттік жолы а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

қосымшаның 2 тармағында "Аудан аумағын" деген сөздерден кейін "қандай болса да арнайы дайындықты талап етпейтін" деген сөздермен толықтырылсын;

қосымшаның 3 тармағында "Аудан орталығын, селолық округтер мен мен селолар аумағын" деген сөздерден кейін "қандай болса да арнайы дайындықты талап етпейтін" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ұзынкөл ауданының әкімі*

*А. Сейфуллин*

**КЕЛІСІЛДІ:**

*"Қостанай облысы бойынша қылмыстық-орындаушы жүйенің Комитет басқармасы" мемлекеттік мекемесінің Ұзынкөл ауданының*

қылмыстық атқару инспекциясының  
бас инспекторы – бас маманы  
----- Қ. Ж. Нагурбеков

2009.09.29

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК